

"Инфрақұрылымдық даму қорын қаржыландыру, оның қаражатын пайдалану және мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 11 тамыздағы № 543 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 17 тамыздағы № 554 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инфрақұрылымдық даму қорын қаржыландыру, оның қаражатын пайдалану және мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 11 тамыздағы № 543 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев